

"Авиамаршруттарды субсидиялау қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № 1511 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 8 қарашадағы № 722 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Авиамаршруттарды субсидиялау қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № 1511 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 10-11, 145-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Авиамаршруттарды субсидиялау қағидасында:

2-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Белгілі бір рейстегі пайдалану шығыстары азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен есептеледі.";

5-тармақ мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) егер өңірдің дамуы үшін маршруттың әлеуметтік-маңызды сипаты болса, астананы, республикалық маңызы бар қалаларды және облыс орталықтарын туристік қызмет объектілерімен және республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтармен байланыстыратын авиамаршруттар.";

8-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Авиамаршруттарды субсидиялауға бөлінген ақшалай қаражаттарды тиімді пайдалану мақсатында (тұрақты авиамаршруттарды бюджеттік субсидиялау шартының шеңберінде тараптардың келісімі бойынша) субсидиялауға жататын нақты сома авиамаршруттар бойынша жоспарланған субсидиялар мөлшеріне қарағанда азайған немесе артқан жағдайда:

рейстерді орындалу жиілігін өзгертуге;

жергілікті атқарушы органдардың өтініші негізінде жолаушылар легін ұлғайту және маршрутты коммерциялық негізге ауыстыру мақсатында тарифті өзгертуге;

тасымалдаушылармен келісу бойынша жылдық жалпы сома шегінде авиамаршруттар бағыттары бойынша субсидияларды қайта бөлуге жол беріледі.".

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

